

## **Tabys мобильді қосымшасында инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу шарттары**

Осы құжатта инвесторларға инвестициялық монетаны «Tabys» мобильді қосымшасы (бұдан әрі – «**Қосымша**») арқылы сатудың және сатып арудың негізгі шарттары туралы, оның ішінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ, БСН 941240001151, мекенжайы: Z05T8F6, Астана қ., «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А (бұдан әрі – «**ҚРҰБ**») шығарған инвестициялық монетаның бөліктері (үлестері) бойынша, ақпарат бар.

Инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде жүзеге асырылады [<https://nationalbank.kz/ru/nra/rabota-s-nalichnymi-dengami-?page=5>].

Инвесторларға белгіленген құны 100 теңгелік, салмағы 31,1 грамм немесе алтынның 1 троя унциясы болатын сатып алынған «**ÜKI**» алтын инвестициялық монетасын алуға рұқсат берілген. Көрсетілген инвестициялық монетаның бір бөлігі (үлесі) алтынның химиялық таза салмағының 1,555 граммына немесе 1/20 унциясына тең.

Инвестициялық монета туралы қосымша ақпарат **ҚРҰБ** сайтында [<https://www.nationalbank.kz/ru/catalog/categories/detail/5>] бар, сондай-ақ ақпаратты **ҚРҰБ**-тың байланыс орталығынан 1477 нөмірі бойынша (қонырау шалу тегін) алуға болады.

**Инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) ҚРҰБ-тан сатып алатын немесе оған кері сататын Инвестор осы шарттарды, сондай-ақ Қосымшада тіркелу кезінде Қосымшаның құжаттарында жазылған шарттар мен ережелерді түсініп қабылдайды. Инвестор инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) сатып алу және сату шарттарымен толық танысқанын растайды, сондай-ақ **ҚРҰБ**-тың аумақтық филиалында (бұдан әрі – Филиал) инвестициялық монетаны белгіленген құны мен дайындау құнын төлей отырып, оны алу шарттарымен өзінің келісетінін растайды.**

**ҚРҰБ ешқандай инвестициялық ұсынымдар бермейді, инвестициялық монетаға, оның ішінде бөліктеріне (үлестеріне) инвестициялаудың мақсатқа лайықты болуын бағаламайды. ҚРҰБ инвестор сатып алған инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) оның одан әрі пайдалануына жауап бермейді.**

### **1. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МОНЕТАНЫ, ОНЫҢ БӨЛІКТЕРІН (ҮЛЕСТЕРІН) САТУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ**

1.1. Қосымшада тіркелген жеке және заңды тұлғалар (олардың өкілдері) инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) Қосымша арқылы сатып ала алады.

1.2. Инвестициялық монетаның бір бөлігі (үлесі) инвестициялық монета дайындалған бағалы металдың химиялық таза салмағының грамымен (унциясымен) айқындалған инвестициялық монетаның тиісті бөлігін (үлесін) материалдық емес талап ету құқығын білдіреді.

1.3. Инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу құны Қағидаларға сәйкес сатылған және сатып алынған күні, сондай-ақ оның бөліктері (үлестері) болған жағдайда айқындалады.

1.4. Инвестициялық монета, оның ішінде бөліктері (үлестері) Инвестордың Инвесторлық келісімнің талаптарына сәйкес инвестициялық монетаны немесе оның бөліктерін (үлестерін) сатып алуға арналған Қосымша арқылы жеке электрондық өтінім нысанында сұрату жіберуі арқылы электрондық тәсілмен сатылады. Бұл ретте, инвесторлар ҚРҰБ Басқармасының инвестициялық монетаны айналысқа шығару туралы қаулысында айқындалған инвестициялық монетаның толық салмағын (барлық бөліктерін (үлестерін) сатып алған (акысын төлеген) жағдайда, Қосымша арқылы сатып алғанған инвестициялық монетаны Филиалдан алады.

1.5. Инвесторлардан инвестициялық монетаны, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) Қосымша арқылы сатып алу Инвестордың Инвесторлық келісімнің талаптарына сәйкес инвестициялық монеталардың бөліктерін (үлестерін) сатуға арналған Қосымша арқылы жеке электрондық өтініш нысанында сұрату жіберуі арқылы инвесторлар Филиалда инвестициялық монетаны электрондық тәсілмен алғанға дейін жүзеге асырылады.

1.6. ҚРҰБ Қосымшада сатуға болатын бөліктердің (үлестердің) көлемін айқындауға, сондай-ақ инвестициялық монетаны, оның бөліктерін (үлестерін) Қосымша арқылы сатуды тоқтата тұруға құқылы.

1.7. Инвестициялық монеталардың бөліктерінің (үлестерінің) тиісті санына қатысты AIX Registrar-дың есепке алу жүйесінде меншік құқықтарын тіркейтін және инвесторлар мен ҚРҰБ-ға тиесілі бөліктердің (үлестердің) электрондық есебін жүргізетін AIX Registrar-да Ltd, БСН 180840900010, мекенжайы: Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәнгілік Ел даңғылы, 55/19, Инвестордың сатып алған инвестициялық монетаның бөліктеріне (үлестеріне) меншік құқығы тіркеледі.

## **2. ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МОНЕТАНЫ, ОНЫҢ БӨЛІКТЕРІН (ҮЛЕСТЕРІН) САТЫП АЛУҒА, КЕРІ САТУҒА ЖӘНЕ СЫЙҒА ТАРТУҒА СҰРАТУЫ**

2.1. Инвестордың ҚРҰБ-тан сатып алушы, өзге инвесторларға сыйға тартуды, ҚРҰБ-қа кері сатуды қоса алғанда, инвестициялық монетамен, оның ішінде оның бөліктерімен (үлестерімен) операцияларды жүзеге асыруға өтінімдерді жіберу тәртібі Инвесторлық келісімде белгіленген.

2.2. Инвестор Қосымшада өтінімді өзі ресімдейді. ҚРҰБ инвестициялық монетаның бөліктерін (үлестерін) сатқаны және сатып алғаны үшін комиссия алмайды, бірақ инвестордың Филиалдан инвестициялық монетаны алуға сұратуды ресімдеуі кезінде инвестициялық монетаны дайында құнын және оның белгіленген құнын өтеп алады. Инвесторлық келісімде көзделгендей, банктің комиссияларымен бірге үшінші тұлғалардың да комиссиялары болуы мүмкін.

2.3. Инвесторлардың ҚРҰБ-тан инвестициялық монеталарды, оның ішінде бөліктерін (үлестерін) сатып алуға, өзге инвесторларға сыйға тартуға, ҚРҰБ-қа кері сатуға сұратуы Инвесторлық келісімде көзделген шарттарға сәйкес орындалады.

## **3. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРДЫ АЛУҒА БЕРИЛЕТІН ӨТІНІМ**

3.1. Инвестор сатып алғанған инвестициялық монетаны Филиалдан алушы Қосымшада тиісті өтінім жіберу арқылы ресімдейді, онда инвестициялық монеталардың саны, алу күні, инвестор Қосымшада өзі сатып алған инвестициялық монеталарды алушы жоспарлап отырған Филиалды (ұсынылып отырған тізімнен) көрсету қажет.

3.2. Өтінім сәтті ресімделген жағдайда, инвестор Қосымшада Филиалдың мекенжайы, инвестициялық монетаны алу күні және растау коды көрсетілген хабарлама алады.

3.3. Берілген өтінім инвестордың бастамасы бойынша жойылмайды және инвестор таңдалған Филиалға келмеген жағдайда ғана жойылады. Инвестор сұратуды қайта беруге құқылы.

#### **4. ФИЛИАЛДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МОНЕТАНЫ АЛУ**

4.1. Қосымшада сатып алынған сан шегінде инвестициялық монетаны алу инвестордың өзі таңдаған күні және Филиалдан өзі алғып кету шартымен ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық монеталарды инвестордың өзі немесе оның өкілі ғана (Филиалға инвестор Қосымша арқылы сатып алған инвестициялық монеталарды алуға өкілеттігін растайтын құжаттың түпнұсқасын ұсынған кезде) ала алады.

4.2. Филиалдан инвестициялық монетаны алу кезінде инвестор немесе оның өкілі Қағидалардың 11-тармағының бірінші бөлігінде [<https://nationalbank.kz/ru/nra/rabota-s-nalichnymi-dengami-?page=5>] көзделген құжаттарды ұсынады, сондай-ақ Филиалдың қызметкеріне Қосымшада алынған хабарламада көрсетілген растау кодын хабарлайды.

4.3. Егер инвестициялық монета инвестор таңдаған күні алынбаса, сұратудың күші жойылады. Бұл ретте инвестор сатып алған инвестициялық монетаның бөліктері (үлестері) инвестициялық монетаны Филиалдан нақты алғанға дейін Қосымшада AIX Registrar жүйесіндегі инвестордың шотында көрсетіледі.

4.4. Қосымша арқылы сатып алынған инвестициялық монетаны Филиалдан алу кезінде инвестор Филиал қызметкерінің қатысуымен олардың бүтіндігін тексереді. Инвестициялық монетаның бүтіндігіне және/немесе сапасына қатысты шағымдар туындаған жағдайда, инвестор оны қабылдаудан бас тартуға және оларды ауыстыруды талап етуге құқылы.

4.5. Инвестор Филиалдан алған инвестициялық монета осы шарттардың 4.4-тармағына сәйкес қайтарылмайды және айырбасталмайды. Инвесторлар Филиалдан алған инвестициялық монетаны Филиалдар Қағидаларға сәйкес сатып алады.

#### **5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МОНЕТАНЫ, ОНЫҢ БӨЛІКТЕРІН (ҮЛЕСТЕРІН) САТУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БАҒАСЫ**

5.1. Инвестициялық монетаны, оның бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу бағасы Лондонның бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастыры (LBMA) белгілеген бағалы металдың бір троя унциясы үшін таңертенгі фиксинг (баға белгілеу) бойынша және ұлттық валютаның сату күніне дейінгі жұмыс күніндегі АҚШ долларына қатысты ресми бағамы бойынша айқындалған инвестициялық монеталар жасалған бағалы металдың құнына байланысты өзгереді және ҚРҰБ интернет-ресурсында орналастырылады.

5.2. Инвестициялық монетаны, оның бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу бағасы әр жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден бастап айқындалады. Инвестициялық монетаны, оның бір бөлігін (үлесін) сату және сатып алу бағасы Қағидаларға сәйкес Қосымшада көрсетіледі.